ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 29 сәуір №4360-24-00-2/839 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Умарсирикова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобилдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ZIAT ONLINE МЕКТЕВІ» атынан әрекет етуші Арман Бахытұлы Сербайға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыдағы талабымен сотқа жүгініп, талапты қанағаттандыруды сұраған.

Сот, іс материалдарын зерттеп, талап қою бойынша қозғалған азаматтық іс жүргізу келесі негіздер бойынша тоқтатылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу туралы заңы) 12-бабының 5-бөлігіне сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 44-бабының 1-тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 46-бабының 1-бөлігіне сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін не соңғысы конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін күшіне енеді.

Шарттың 3-тармағының, 3.1-тармақшасына сәйкес, шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде 6 993,60 теңгеге құрайтын Шарттың

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.05.2024, судья Умарсирикова С. С., 20.05.2024

осы қаржы жылы сомасының 233 120 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшелерін төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді.

Жауапкер тарапынан шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілмеген. Яғни, шарттың күшіне енбегендігіне байланысты тараптар арасында қандай да бір міндеттемелер пайда болмағандығы да анық.

Сондықтан жоғарыдағылардың негізінде бұл талап қою азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешілуге жатпайды, сондықтан талап қоюшы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы уәкілетті органға, яғни Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу туралы Комитетінің мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүгінуі қажет.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 277-бабының 1)-тармағына сәйкес, сот, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

АПК-нің 277-бабының 1)-тармағын басшылыққа алып сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобилдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою бойынша азаматтық іс жүргізу тоқтатылсын.

Талап қоюшыға жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану үшін уәкілетті органға жүгіну қажет.

Тараптарға іс бойынша іс жүргізу тоқталыған ретте сол тараптар арасындағы, сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейтіндігі түсіндірілсін.

Ұйғарымға наразы жағы ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья С. Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.05.2024, судья Умарсирикова С. С., 20.05.2024

4360-24-3-1/853